Автор: САГИДУЛЛИНА ДАРИГУЛЬ САИНОВНА
Пән: Алгебра
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері
Тақырып: Ықтималдықтар теориясының негіздері

9.3.2.4	Ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (6 минут)	апарпа **Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылармен амандасу, түгендеу. **Топқа бөлу**/ тиынның елтаңба жағы, тиынның сан жағы суреттерімен/ 2 топқа бөлінеді. **Топтық жұмыс**. ***«Ойлан,бірік,бөліс»әдісі.*** 1-топ. оқиға түрлерін атау. 2-топ. жиілік, ықтималдықтың классикалық анықтамаларын айту. ***«Қарлы кесек» әдісі.***/шашыраған сөздерден сөйлем құрау/ ***«Жасырын код» әдісі.*** /ашық сұрақтар қою арқылы сандар шығару/ -барлығы неше кеспе? 9 -осы санның бөлгіштер саны нешеу? 3 -осы екі санның айырмасын 3 есе кеміт. 2 -шыққан сөйлем неше сөзден тұрады? 4 Осы жерде сабақтың оқу мақсаты ашылады. **Бағалау**- үш шапалақ бойынша. Барлығын дұрыс орындаса- 3шапалақ, Екі тапсырма дұрыс орындаса-2 шапалақ, Бір тапсырма дұрыс орындаса-1 шапалақ. **Саралау** - жіктеу тәсілі бойынша.	Топқа бөлу: 5decf896e8d2d.png 5decf8a904f28.png "Қарлы кесек" 5decf93d3af77.png

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (31 минут)	**1.Сыныппен жұмыс:** ***«Денотатты граф» әдісі.*** / Интернет желісінен алынған статистикалық ықтималдық туралы мәтін беріледі/ ***«INSERT» әдісі.*** Дәптерлеріңе керекті анықтаманы, формуланы жазады. **Бағалау-** «Бір минут» әдісінде ынтыландыру сөздері: «жарайсың!», «жақсы», «талпын». **Саралау-** дереккөздер тәсілі бойынша. **2.Жұптық жұмыс.** ***«Көршіңізге айтыңыз!» әдісі.*** /оқушылардың өз ойларын білдіруі үшін қолданылады/ **Практикалық тапсырма:** 1.Бір тиын екі рет лақтырылды. Ең болмаса бір рет «елтаңба» түсуінің ықтималдығын табыңдар. 2. Үш тиын лақтырылды. Екі «елтаңба» түсуінің ықтималдығын табыңдар. **Бағалау-** өзара және өзін-өзі бағалау «Құстұмсық» әдісі бойынша. **Саралау**-диалог және қолдау көрсету тәсілі бойынша. 5dccfa75f3568.png Қолдау көрсету үшін формуланы беру: Image not found or type unknown **3.Жеке жұмыс.** ***Қалыптастырушы бағалау***. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы статистикалық мәліметі бойынша 500 туылған балалардың 240 қыз бала. Қыз балалардың тууының жиілігін табыңыз. **Дескриптор:** -абсолюттік жиілік пен эксперимент санын ажыратады, -оқиғаның жиілігін табады. **Бағалау**- «+», «-» әдісі бойынша. **Саралау**- қарқын тәсілі бойынша. **Қосымша тапсырма**: (-1;6) интервалынан бүтін сан кездейсоқ таңдалады. Осы сан x3 -5x2+x=0 теңдеуінің түбірі болуының ықтималдығын табыңдар. **4.Сыныппен жұмыс.** ***Венн диаграммасы*** /салыстыру, салғастыру органайзері/. Классикалық Статистикалық ықтималдық 5dccfae8005bd.png Image not found or type unknown **Бағалау-** топтық бағалау. ***«Стикер» әдісі.*** Көк түс- келісемін. Қызыл түс- келіспеймін. 1 топ мүшелері 2 топ мүшелерін бағалайды. 2 топ мүшелері 1 топ мүшелерін бағалайды. **Саралау-** қорытынды тәсілі бойынша	АКТ /ноутбук/ http://g.engime.org/kombinatorika-itimaldi-jene-statistika.html?page=24
Сабақтың соңы (3 минут)	**Үйге тапсырма:** Ықтималдықтар теориясы бойынша қысқаша ғалым-математиктер туралы Хабарлама дайындаңдар. **Кері байланыс.** ***«Тазалық» әдісі.***	5dccfb68b5026.jpg Image not found or type unknown